

**Маңғыстау облысы бойынша сұйытылған мұнай газын
беруге жиынтық өтінімдерді қалыптастыру
жөнінде комиссияның
ХАТТАМАСЫ**

Ақтау қ.
Маңғыстау облысының әкімдігі,
4 қабат, № 301 кабинет

№ 01-03/22

25 наурыз 2021 ж.

**Төрағалық еткен: Маңғыстау облысы
әкімінің орынбасары
Ғ. Ниязов**

Комиссия мүшелері: Н.Орынбасаров, О.Тоқжанов, В.Трифонов,
А.Айтжанова, А.Сүгірбай, А.Төреханов.

Комиссияға шақырылғандар: ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі
Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Маңғыстау облысы бойынша
департамент басшысының орынбасары Н. Абубакиров.

Күн тәртібі:

1. ҚР Энергетика министрлігіне газ желісі ұйымдары «SK LTD KZ» ЖШС, «TanaGasCom» ЖШС, «ГазЦентр» ЖШС, «АДМ ГАЗ» ЖШС, «АвтогазТрэйд» ЖШС, «АқтауОблГаз» ЖШС, «Алау» ЖШС және «АС Газ Логистик» ЖШС 2021 жылғы сәуір айына сұйытылған мұнай газына (бұдан әрі - СМГ) түзету енгізу және жиынтық өтінімдерін жолдау мәселесі;

Маңғыстау облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының ақпараты назарға алынсын:

12.03.2021 ж. Маңғыстау облысы әкімінің № 69 Қаулысымен Комиссия мүшелері жаңа құрамда қайта құрылды (*Аталған жаңа құрам ҚР Энергетика министрлігінің 13.11.2020 ж. № 384 «Сұйытылған мұнай газын беруге жиынтық өтінімдерді қалыптастыру жөніндегі комиссия туралы үлгілік ережені бекіту туралы» ҚР Энергетика министрінің 14.09.2018 ж. № 372 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығы негізінде жасақталды*).

Комиссия мүшесі А. Юрин белгісіз себептермен комиссия отырысына қатыспады.

ҚР Энергетика министрлігіне Маңғыстау облысы бойынша сұйытылған мұнай газын беруге жиынтық өтінімдерді қалыптастыру жөнінде комиссия отырысының 2021 жылғы 4-17 ақпан аралығындағы №01-03/45 хаттамасы, Басқарма тарапынан 23.02.2021 жылғы

№ 05-06/431 хатымен (Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің 25.01.2021 ж. №115 Нұсқамасына сәйкес, Р1 көрсеткішін бағалау кезінде кәсіпкерлердің жеке газ құю бекеттерінің көлемі ескерілді) жолданған болатын (Хаттама көшірмесі жалғанды).

Сонымен қатар, ҚР Энергетика министрлігінің 11.03.2021 ж. хаттамасында 2021 жылдың сәуір айына газ желісі ұйымдарына бөлінетін көлемі тек Маңғыстау облысы бойынша көрсетілген (Хаттама көшірмесі жалғанды).

2021 ж. 21 наурызда ҚР Энергетика вице-министрі Ж. Қарағаевтың төрағалығымен Ақтау қаласында өткен жиналыста газ желісі ұйымдарымен келісімге келген болатын (Хаттама көшірмесі жалғанды).

Жыл сайын автокөлік санының өсуі (31.01.2021ж. жағдай бойынша облыстық полиция департаментінің мәліметіне сәйкес СМГ пайдаланатын автокөліктер саны – 94 112 көлік, мониторингке сәйкес – 108 842 көлік) және наурыз айында тұтыну көлемінің өсуіне байланысты. СМГ облыс бойынша тапшылығы байқалып, автогаз құю бекеттерінде автокөліктердің кезектілігі орын алып, көлік иелері тарапынан наразылықтар туындады.

Маңғыстау облысы бойынша сұйытылған мұнай газын беруге жиынтық өтінімдерді қалыптастыру жөнінде комиссиясы бір ауыздан төмендегідей **шешім қабылдады:**

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына, газ желісі ұйымдарына:

1. Қағиданың 4 қосымшасы:

а) Р1 бойынша газ желісі ұйымдарының инфрақұрылым көлемі (газ құю бекеттерін жеке меншік және жалға алған ескерілмесін) есептелсін.

б) Р2 бойынша соңғы 3 айдағы СМГ көлемі 2021 жылдың 1 сәуірінен бастап жаңадан есептелсін.

2. Сақтау қоймасы бар 6 газ желісі ұйымдары арасында 5 ке бөлініп:

1) «SK LTD KZ» ЖШС; 2) «TanaGasCom» ЖШС; 3) «АқтауОблГаз» ЖШС+«ГазЦентр» ЖШС; 4) «АДМ ГАЗ» ЖШС; 5) «АвтогазТрэйд» ЖШС;

Аталған газ желісі ұйымдарының инфрақұрылымына 20 % есептеп, электронды сауда алаңынан тыс ҚазГӨЗ және АМӨЗ бөлінетін СМГ, 80 % тең бөлініп 1-Қосымша сәйкес, қалалар мен аудандар толығымен қамтылсын.

3. Газ желісі ұйымының басқа өңірдегі жеке немесе жалға алған инфрақұрылымы есептелмесін.

4. 2022 жылдан бастап электронды сауда алаңына толық өтуіне байланысты газ желісі ұйымдары мен кәсіпкерлердің арасында 2021 жылдың 31 желтоқсанына дейін келісім-шарт жасақталсын.

5. **2021 жылдың 5 сәуіріне дейін** газ желісі ұйымдары жеке, жалға алған және бөлшек саудамен айналысатын кәсіпкерлер ҚР Энергетика министрлігімен бекітілген № 68 бұйырығының Қағидаларындағы 2-қосымшасындағы газ құю бекеттеріне қатысты (1 жылдық келісім-шартты қоспағанда) құжаттарын Басқармаға ұсынсын.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына және «ҚазГӨЗ» ЖШС:

6. Сәуір айына ҚазГӨЗ зауытынан 14 500 тонна: оның 35% немесе 5075 тоннасы электронды сауда алаңы арқылы сатылсын.

7. Қалған 9 425 тонна 8 газ желісі ұйымдарына бөлінсін: «TanaGasCom» ЖШС – 2 371, «SK LTD KZ» ЖШС – 2 097, «ГазЦентр» ЖШС – 2 007, «АвтогазТрэйд» ЖШС – 561, «АДМ ГАЗ» ЖШС – 2 033, «АқтауОблГаз» ЖШС – 320, «АС Газ Логистик» ЖШС – 19, «Алау» ЖШС – 17.

Қала және аудан әкімдіктеріне:

8. **2021 жылдың 5 сәуіріне дейін** қалалар мен аудандар әкімдіктері қала, ауыл мен аудан орталығы бойынша ГБҚ белгісімен тіркелген және тіркелмеген көліктердің (ауыр, жеңіл, автобус) саны туралы ақпарат ұсынылсын.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына, қала және аудан әкімдіктеріне, газ желісі ұйымдарына, бөлшек саудамен айналысатын кәсіпкерлерге:

9. Кәсіпкерлер ҚазГӨЗ мен АМӨЗ бөлінетін электронды сауда алаңында және электронды сауда алаңынан тыс СМГ тиісті қалалар мен аудандарда сатылуын жүзеге асырсын. Егер де талапты орындамаған жағдайда кәсіпкердің әлеуметтік газ (СМГ) лимиті қысқартылып, газ желісі ұйымымен жасалған келісім-шарты бұзылсын.

9.1. Газ желісі ұйымдары ҚазГӨЗ мен АМӨЗ бөлінетін электронды сауда алаңында және электронды сауда алаңынан тыс СМГ қалалар мен аудандар аймағына сәйкес қатысып, аталған аймақта сатылуын жүзеге асырсын. Егер де талапты орындамаған жағдайда 20 % өзінде қалдырылып қалған 80 % 2 - тармақта көрсетілген қалған газ желісі ұйымдары арасында бөлінсін.

10. Осы хаттама қала мен аудан әкімдіктеріне жолдансын және әкімдіктер өз аймақтарында орналасқан кәсіпкерлерге таныстырсын.

11. Осы хаттама «ҚазГӨЗ» ЖШС және газ желісі ұйымдарына жолдансын.

12. 2021 жылғы сәуір айына СМГ беруге жиындық өтінім жасақталсын және ҚР Энергетика министрлігіне жолдансын.

13. Осы хаттаманың орындалысын бақылау Маңғыстау облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқарма басшысының м.а. Н. Орынбасаровқа жүктелсін.

Маңғыстау облысы
әкімінің орынбасары,
Комиссия төрағасы

Ғ. Ниязов
Ғ.Н. Ниязов

Маңғыстау облысының
энергетика және тұрғын
үй-коммуналдық шаруашылық
басқарма басшысының м.а.,
комиссия төрағасының орынбасары



Н. Орынбасаров
Н.О. Орынбасаров

Маңғыстау облысының
Қоғамдық кеңесінің төралқа мүшесі

О. Тоқжанов
О.Т. Тоқжанов

«Ұлттық медиаторлар палатасы»
республикалық қоғамдық бірлестігінің
Маңғыстаудағы өкілдігінің басшысы

В.Трифонов
В.Т. Трифонов

Маңғыстау облысының кәсіпкерлік
палатысы директорының орынбасары

А. Айтжанова
А.А. Айтжанова

Маңғыстау облыстық
мәслихат депутаты

А. Сүгірбай
А.С. Сүгірбай

Маңғыстау облысының
энергетика және тұрғын
үй-коммуналдық шаруашылық
басқармасының энергетиканы
дамыту бөлімінің басшысы,
комиссия хатшысы

А. Төреханов
А.Т. Төреханов

УТВЕРЖДАЮ
Заместитель акима
Мангистауской области
Г.М. Ниязов

от 25 марта 2021 года

План поставки сжиженного нефтяного газа по Мангистауской области на апрель 2021 года (корректировка)

№	Наименование ГСО	Объем мощностей ГСО	%	ИТОГО	Собственный объем ГСО с учетом ГНС		ИТОГО для АГЭС	без учета ГНС (объем для всех 300 АГЭС)		ВСЕГО Суммар ная	ИТОГО без ЭТП		С ЭТП	
					КазГПЗ	АНПЗ		КазГПЗ	АНПЗ		КазГПЗ	АНПЗ	ЭТП	АНПЗ
1	ТОО "TanaGasCom"	1 858,00	31,53%	738	594	143	2206	1777	429	2943	2371	572		
2	ТОО "SK LTD KZ"	1 000,00	16,97%	397	320	77	2206	1777	429	2603	2097	506		
3	ТОО "Газ Центр"	720,00	12,22%	286	230	56	2206	1777	429	2491	2007	484		
4	ТОО "АвтогазТрейд"	400,00	6,79%	159	128	31	538	433	105	697	561	135		
5	ТОО "АДМ-Газ"	800,00	13,58%	318	256	62	2206	1777	429	2523	2033	491		
6	ТОО "АктауОблГаз"	1 000,00	16,97%	397	320	77	0	0	0	397	320	77		
7	ТОО "АС Газ Логистик"	60,90	1,03%	24	19	5	0	0	0	24	19	5		
8	ТОО "Алау"	54,00	0,92%	21	17	4	0	0	0	21	17	4		
		5 893	100%	2340	1885	455	9360	7540	1820	11700	9425	2275	5075	1225

с этп по зонам

№	Наименование	потребность, тн	Коэф-т	КазГПЗ	АНПЗ
1	Актау	195	0,33	1649	398
2	Жанаозен	155	0,26	1311	316
3	Мұнайлы	100	0,17	846	204
4	Каракия	25	0,04	211	51
5	тұлқараган	35	0,06	296	71
6	Мангистау	45	0,08	381	92
7	Бейнеу	45	0,08	381	92
		600	1	5075	1225



Члены комиссии

Орынбасаров Нурлан Базарбаевич

Токжанов Орынбасар Абиевич

Трифонов Владислав Вячеславович

Айтжанова Акку Турашевна

Сугирбай Аяг Исатаевич

Секретарь комиссии

Тореханов Абылай Сисембаевич

